

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 қыркүйектегі N 831 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қаңтардағы N 1284 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық "Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығына мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"атқарылатын лауазымдарына қарай Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің қызметкерлеріне белгіленетін лауазымдық жалақыларды есептеу үшін түзету коэффициентін ескере отырып, базалық лауазымдық жалақыға қолданылатын коэффициенттерді, сондай-ақ лауазымдық сараланған жалақыларды есептеу үшін лауазымдық жалақыға қолданылатын к о э ф ф и ц и е н т т е р д і ; "

2-тармақтың бірінші абзацында "4" деген цифрдан кейін ", 4-1" деген цифрлармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

1) және б) тармақшаларда "мекемелерінің", "мекемелері" деген сөздерден кейін тиісінше ", Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің", "Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры: лауазымдық сараланған жалақыға; жылына екі лауазымдық сараланған жалақы мөлшерінде сауықтыру үшін жәрдемақыларға; орталық аппараттың әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне сыйлықақы беру үшін жылына екі лауазымдық сараланған жалақыға негізделе отырып айқындалады";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі қызметкерлерінің лауазымдық сараланған жалақылары мемлекеттік саяси қызметшілер үшін олардың атқаратын лауазымдарына қарай және атқаратын лауазымдарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін лауазымдар санаттарының топтарына жатқызылуына және мемлекеттік қызмет стажына қарай олардың лауазымдық жалақыларын және сауықтыру жәрдемақыларын есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді түзету коэффициентін және олардың лауазымдық сараланған жалақыларын есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді ескере отырып, базалық лауазымдық жалақы мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады";

осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
 П р е з и д е н т і н і ң
 2 0 0 6 жы л ғы " ___ " ____
 N Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША
 Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
 П р е з и д е н т і н і ң
 2 0 0 4 жы л ғы 1 7 қа н т а р д а ғы
 N 1 2 8 4 Ж а р л ы ғ ы н а

4-1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің жұмыскерлеріне белгіленетін лауазымдық сараланған жалақыларын есептеу үшін коэффициенттер

Лауазымдар атауы	коэффициент
1	2
Агенттіктің төрағасы	1-6

Агенттік төрағасының орынбасары	1-5
С-1	1-5
С-2	1-4
С-4	1-3,5
С-5	1-3
С-6	1-2,5
С-9	1-2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ